

анықтайды. Көптеген авторлар бойынша әр түрлі стресс жағдайларында қан айналым жүйесін организмнің толық бейімделу реакциясының индикаторы ретінде көрсеткен.

Адам организмнің бейімделу мүмкіншілігі өз алдында оның фундаментальды құрамын ұсынады. Ең алдымен бейімделу мүмкіншіліктерін орта мен организм арасындағы тепе теңдікті тұрақты сақтап отыратын функционалдық резервтердің қоры деп анықтауға болады. Функционалдық резервтердің қоры – жұмсалып тұрақты орындалып отыратын метаболикалық, энергетикалық және ақпараттық ресурстар. Осы қалыппен әрбір берілген уақытта олардың орташа деңгейінің кейбір функционалдық ресурстардың оң және теріс балансы бар. Функционалдық ресурстардың орташа деңгейі өз кезегінде уақытпен өзгереді. Осылайша функционалдық ресурстардың тәуліктік және маусымдық тербелістерді анықтауға болады. Бірақ аса маңыздысы жас аралық өзгерістер болып табылады [7].

Жастардың жұмыс және ойлау қабілетінің төмендеуі, денсаулығының нашарлауы тағы басқа жағымсыз әсерлер семестрдегі және емтихан тапсыру кезіндегі эмоционалдық стресстер, әдіс пен дағдының салауатты өмір салтында жеткіліксіздігінен, гиподинамия, дене даму әлсіздігі осының барлығы оқу процесіне бейімделуді қиындатады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Икиманова Г.К. «Емдік гимнастика». Алматы-2001.- 23-326.
2. Мустафина Т.К.-Спорттық медицина. Оқулық- А., 1997. -326.
3. Нұрмұхамбетұлы Ә.Н. Патофизиология. Алматы-2007.-56б.
4. Попов С.Н. «Лечебная физическая культура», М., 1988 .-35с.
5. Өтепбергенов А.А., Нілдібаева Ж.Б. Адам физиологиясы. Алматы-2005.-326.
6. Рогозкин В.А., Пшендин А., Шишина А. Питание спортсменов. -М.: «ФиС», 1989.-45с.
7. Ленинджер А. Основы биохимии. В 3-х т. «Мир»,1983.-42с.
8. Равич-Щебро М.И., Новиков В.В. Физическая и коллоидная химия. - М.: «Высшая школа», 1975.-75с.

ӘОЖ 376.2

<https://doi.org/10.53355/q0122-1375-9070-x>

АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРҒА АҚПАРАТТЫҚ-ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Нурумкулова А.Н., дефектология мамандығының 4 курс студенті

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: nrmklv27@mail.ru

Мақалада қарастырылып отырған қазіргі таңдағы өзекті мәселе - арнайы мектепте сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға ақпараттық - логопедиялық технологияларды қолдану. Білім беру жүйесінде бірішама өзгерістер енгізілуде. Осындай жайт арнайы білім беру мекемелерін де бей жай қалдырмады десек қателеспейміз. Дамуында ауытқуы бар балалардың сөйлеу тілін дамытуда ақпараттық логопедиялық технологиялар орасан зор мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: арнайы мектеп, ақпараттық технологиялар, логопедия, сөйлеу тілі бұзылысы, түзете-дамыту жұмыстары.

Актуальной проблемой, рассматриваемой в статье, является использование информационно - логопедических технологий в специальной школе для детей с нарушениями речи. В системе образования вносятся некоторые изменения. Очень правильно, что такой факт не оставил равнодушными и специальные образовательные учреждения. Информационные логопедические технологии в развитии речи детям с отклонениями в развитии, предоставляют огромные возможности.

Ключевые слова: специальная школа, информационные технологии, логопедия, речевые нарушения, коррекционно-развивающая работа.

The actual problem considered in the article is the use of information and speech therapy technologies in a special school for children with speech disorders. Some changes are being made in the education system. It is very correct that this fact did not leave special educational institutions indifferent. Information speech therapy technologies in the development of speech for children with developmental disabilities provide huge opportunities.

Key words: special school, information technology, speech therapy, speech disorders, correctional and developmental work.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы негізінде арнайы мектепте дамуында ауытқуы бар балалардың сөйлеу бұзылыстарын түзете-дамыту жұмыстары басты орынған қойылуда.

Біздің елімізде білім берудің жаңа моделіне көшуге байланысты болып жатқан өзгерістер дамуында ауытқуы бар балаларға қатысты оқу үрдісін жетілдіруге жаңа тәсілді талап етеді. Түзету педагогикасында әртүрлі сөйлеу бұзылыстары бар балаларды оқытудың нақты құралдарын жасау мәселесі өткір болып тұрғаны анық. Көптеген авторлар атап өткендей, жаңа компьютерлік технологияларды қолдану педагогикалық үдерісті оңтайландыруға, сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалардың оқуын жекелеңдіруге және кез-келген әрекеттің тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан түзету және білім беру үрдісінде сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін ескеретін, түзету білімінің тиімділігін арттыруға, мектеп оқушыларын тәуелсіз өмірге дайындау үрдісін тездетуге мүмкіндік беретін мамандандырылған компьютерлік технологияларды қолдану мәселесі өзекті болып табылады.

Логопедия мәселесі төңірегінде теориялық негізін қалаған ғалымдарды атап айтар болсақ, Л.С. Волкова, Р.Е.Левина, Т.Б.Филичева, Г.В.Черкина, және т.б. ғалымдар сөйлеу тіліндегі түзету жұмыстарын қарастырған.

Біздің елімізде Қ.Қ.Өмірбекова, Г.Б.Ибатова, Г.С.Оразасева, Қ.Қ.Өмірбекова, Қ.Серкебаев, Г.Б.Ибатова, Г.М.Коржова, Г.М.Коржова, А.Қ.Жалмұхамедова, Г.Н.Төлебиева және т.б. ғалымдар жалпы тіл кемістігін зерттеген.

Оқу - тәрбие үрдісінде ақпараттық технологияларды қолдану жайында Ю.Ф.Гаркуша, Н.А. Черлина, Л.А. Зайцева, Т.К. Королевская, Л.В. Ковригина Е.Н.Кутепова, М.И. Лынская, Б.Б. Аккуланова Н.Исабек және т.б. ғалымдар тиімді тұстарын зерттеген.

Алайда бұл еңбектерде арнайы мектепте сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға ақпараттық-логопедиялық технологияларды қолдану туралы ғылыми тұрғыда жеке мәселе ретінде зерттелмеген.

Демек, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде көрсетілген арнайы мектепте сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға логопедиялық технологияларды қолдану мәселесіне талдау жасау оның негізгі қарама-қайшылығын ашуға мүмкіндік туғызды.

Арнайы мектепте сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға логопедиялық технологиялардың толықтай қолданылмауы мен осы салада теориялық және әдістемелік жолдарын зерттеу арасында және сөйлеу тіліндегі дыбыстардың бұрмалануы мен қазіргі талаптар жүйесі арасында қарама-қайшылықтар туындап отыр. Қарастырылып отырған мәселенің теориялық және практикалық тұрғыда қажетті деңгейде ғылымға негізделген бірегей логопедиялық технологиялардың, ақпараттық бағдарламалардың, әдістемелік кешендердің жоқтығы арасында көрсетілген қарама-қайшылық біздер зерттеуге алған проблеманың негізі және оны шешу жолында сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға логопедиялық технологияларды қолдану, арнайы мектепте өз дәрежесінде зерттелмеуі, және осы тұрғыда баяндайтын жұмыстардың жоқтығы, оның көкейкестілігін көрсетіп, тақырыпты ғылыми-

теориялық және әдістемелік тұрғыда қажетті деңгейде қарастырылмауы зерттеу жұмысымыздың тақырыбын «Арнайы мектепте сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға ақпараттық-логопедиялық технологияларды қолдану» деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеу мақсаты: Арнайы мектепте сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға ақпараттық-логопедиялық технологияларды қолдануды теориялық және практикалық тұрғыда негіздеу.

Зерттеу нысаны: Сөйлеу тілінде бұзылысы бар бала

Зерттеу пәні: Арнайы мектепте сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға ақпараттық-логопедиялық технологияларды қолдану.

Зерттеу болжамы: егер, арнайы мектепте балалардың сөйлеу тіліндегі кемістіктерін түзету ақпараттық технологиялар арқылы қолға алынса; дамуында ауытқуы бар балаларға түзете-дамыту жұмыстарын жүргізу іс-жүзінде айқындалса; педагог, логопед, тәрбиеші тарапынан түзету жұмыстары жан-жақты жүргізілсе; онда арнайы мектепте сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларда нәтиже болар еді, өйткені ақпараттық-логопедиялық технологиялардың тиімділігі мол.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- Сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға ақпараттық-логопедиялық технологияларды қолданудың маңызын айқындау;

- Арнайы білім беру мекемелерінде логопед жұмысын ұйымдастыру;

- Арнайы білім беру мекемелерінде сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға ақпараттық-логопедиялық технологияларды қолдану ерекшеліктерін қарастыру;

- Дамуында ауытқуы бар балаларға ақпараттық-логопедиялық технологияларды қолдану мүмкіндіктерін талдау;

- Дамуында ауытқуы бар балаларға ақпараттық-логопедиялық технологияларды қалыптастыру жолдарын қарастыру, эксперимент түрінде көрсету.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері:

Арнайы мектепте сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға ақпараттық-логопедиялық технологияларды қолдану мәселесіне байланысты әртүрлі еңбектер. Арнайы мектепте сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларды түзету жайында әртүрлі ғалымдардың, педагогтардың еңбектері. Осы мәселені пайымдауға байланысты логопедиялық технологияларды қолдану логопед мамандарына ұсынылатын еңбектер.

Зерттеу базасы: Талдықорған қаласындағы «№ 13 орта мектеп (арнаулы сыныптармен)» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға ақпараттық-логопедиялық технологияларды қолданудың маңызы айқындалды;

- Арнайы білім беру мекемелерінде логопед жұмысы ұйымдастырылды;

- Арнайы білім беру мекемелерінде сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға ақпараттық-логопедиялық технологияларды қолдану ерекшеліктері қарастырылды;

- Дамуында ауытқуы бар балаларға ақпараттық-логопедиялық технологияларды қолдану мүмкіндіктері талданды;

- Дамуында ауытқуы бар балаларға ақпараттық-логопедиялық технологияларды қалыптастыру жолдарын қарастыру, эксперимент түрінде көрсетілді.

Мектеп жасына дейінгі ЖТК балаларда сөйлеудің коммуникативті функциясын қалыптастыру тақырыбында әдістемелік материалдар ұсынылады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: ұсынылған әдістемені арнайы білім беру мекемелерінде Арнайы мектепте сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға ақпараттық-логопедиялық технологияларды қолдану кез келген логопед маманының пайдалану мүмкіндігінің болуы және зерттеу жұмысының нәтижесінде тұжырымдалған теориялық қағидалар, қорытындылар мен әдістемелік нұсқаулар мәселені тиімді шешуге әсерін тигізеді.

Баланың тілінің анық, әрбір дыбыстарды қажетінше дұрыс айтуы, толық сөйлеуі – мектепке дейінгі баланың болашақтағы табысты оқуының шарты десек артық болмасы анық.

Мектепке дейінгі жас - дұрыс сөйлеуді қалыптастыру және олардың кемшіліктерін жою үшін ең қолайлы кезең болып табылады. Дыбыс айтудың күрделі бұзылуы басқа да ауытқуларға әкеп соғады. Фонематикалық қабылдаудың бұзылуы баланың дыбысталуы бойынша жақын немесе артикуляциясы бойынша ұқсас дыбыстарды есту арқылы қабылдай алмауына жол ашады.

Қорыта келе, қазіргі әлеммен бірге балаларда өзгеруде. Осындай орын алатын жайттың бірі – баланың дамуы. Қандай бала болмасын жақсы жетістікке жетуге әбден лайық. Осы тұрғыдан алғанда арнайы мектепте сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларға ақпараттық-логопедиялық технологияларды қолданудың маңызы зор. Логопедия сабағында ақпараттық технологияларды мүмкіндігінше қолдану дамуында ауытқуы бар баланың толыққанды дамуына септігін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Заң. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>.
2. Лынская М.И. Организация логопедической помощи с использованием компьютерных программ // Логопед в детском саду. – 2006. № 6.
3. Г.Б.Ибатова. Дыбыс айту түзетудегі дайындық кезеңіндегі логопедиялық жұмыс. Алматы 2014.
4. Тимофеева Ж. А. О способности детей с нарушением в развитии извлекать информацию из общения с героем компьютерной программы // Дефектология. 1997. - № 2. с.41-4
5. Кузьмина Е.В. Использование информационных технологий в работе учителя-логопеда общеобразовательной школы. Журнал «Логопед» №5 2008г.
6. Төребаева К.Ж., Балтымова М.Р. Логопедия негіздері. Оқу құралы. – Ақтөбе, 2011. – 248 б.

ӘОЖ 378.147

<https://doi.org/10.53355/p7380-1890-4624-q>

БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

Омарова Д.К. *А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің 2 курс студенті*
Абдимоминова Д.К. *- педагогика ғылымдарының магистрі, өнер кафедрасының аға оқытушысы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті*

E-mail: abdildil@mail.ru

Мақалада қашықтықтан оқыту үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологиясын қолдануда көрініс табатын бірнеше технологияларға сараптамалық талдаулар жасалған.

Білім беруді ақпараттандыру процесінің күшті және әлсіз жақтары білім алушының психологиясы мен оқу үрдісінің психологиясы тұрғысынан қарастырылады. Жаңа ақпараттық технологиялар тұрғысынан дидактиканың негізгі принциптерін жүзеге асыру мүмкіндіктері ашылды. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың білім берудегі ықпалының кері салдары анықталды. Онда ақпараттандыру үдерісінің болмай қоймайтындығына байланысты оны түбегейлі зерттеу қажеттігін атап көрсетеді.

Тірек сөздер: АКТ, қашықтықтан оқыту технологиясы, мультимедиялық және аудиовизуалды оқу, кейс технологиясы.

В статье проводится анализ нескольких технологий, которые находят свое отражение в использовании информационных и коммуникационных технологий в процессе дистанционного обучения.